



14.11.2012 ж.  
Астана қ.

## **БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ**

### **ENRC қазақстандық үлесті өсіріп, отандық кәсіпорындардың экспорттық әлеуетін арттырады**

**ENRC тауарлар, жұмыстар мен қызметтер сатып алудағы қазақстандық үлесті арттырып, отандық кәсіпорындардың экспорттық әлеуетін өсіреді.**

Еуразиялық табиғи ресурстар корпорациясы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың қазақстандық үлесті арттыру туралы тапсырмасын орындауда. 2012 жылдың тоғыз айында корпорация сатып алған жұмыстар мен қызметтердегі қазақстандық үлес 93,22% құрады. Ал 2011 жылдың дәл осы кезеңінде бұл көрсеткіш 87,8% құраған. Осы жалдың қорытындысы бойынша тауарлар сатып алуда қазақстандық үлес 40% жетеді.

Ақшалай есептегенде, жер игеруші компаниялардың тауарлар, жұмыстар мен қызметтер сатып алудағы қазақстандық үлесі 01.10.2012 жылы 26 651,5 млн теңгеден асқан. Мысалы, жарылғыш заттарды (аммониттер, граммониттер мен патрондар) корпорация ресейлік өндірушілерден сатып алған. 2012 жылы ENRC кәсіпорындары «КЦУБ «Ниторхим» ЖШС-мен 345 млн теңгеге қажетті көлемдегі тауарларды сатып алуға келісімшарт жасаған.

Жер игеруші компаниялардың тауарлар сатып алудағы қазақстандық үлесінің төмендігі отандық кәсіпорындардың қажетті құрал-жабдықтарды өндірмейтіндігімен түсіндіріледі. Бұл мәселені шешудің бір жолы ENRC құрамына Павлодар машинақұрастыру зауытының (ПМЗ) кіргедінгі болып табылады. Бүгінгі таңда бұл жаңа технологиялармен жабдықталған заманауи кәсіпорын. Зауыт жоғары үстеме құн қосылған өзінің өнімін – крандар мен металл конструкциялары – ENRC кәсіпорындарына ғана емес, Қазақстан мен Ресейдің ірі кәсіпорындарына да жеткізеді. Олардың арасында ОФ «Распадская угольная компания», ОАО «Челябинский трубный завод», ОАО «Первоуральский новотрубный завод», ОАО «Южно-Уральский никелевый комбинат», ОАО «Уральский трубный завод», ОАО «УГМК-Холдинг» бар. Өткен жылы ПМЗ жалпы құны 1 986,3 млн теңгеге өнім шығарған, оның ішіндегі қазақстандық кәсіпорындардың үлесі – 1 546,1 млн теңге. 2012 жылы сатылған өнім 2 301,5 млн теңгені құрады, оның ішінде 1 660,2 млн теңге отандық кәсіпорындарға.

Бұған қоса корпорация өз кәсіпорындарын «made in Kazakhstan» белгісімен жасалған шикізатпен қамтамасыз етуге ұмтылады. Жақын болашақта Қазақстан электролиз зауытының негізінде салынған қуаты 136 мың тонна күйдірілген анод өндірісін іске қосады. Өзірге оларды Қытайдан сатып алуға тура келеді.

«Кәсіпорын алюминий өндірісін сапалы анодтармен қамтамасыз етіп, қазақстандық үлесті өсіреді. Анод өндірісінде атыраулық күйдірілген мұнай коксы мен теміртаулық тас көмір пекі қолданылатын болады», – деп атап өтті ENRC PLC Бас атқарушы директоры Феликс Вулис.

ENRC құрамындағы «Шұбаркөл көмір» АҚ-да арнайы кокс шағаратын «Сары-Арка Спецкокс» ЖШС жұмыс істейді. Кәсіпорынның қуаты жылына 300 мың тонна. Бұл өнімді кәсіпорын Топтың ферроқорытпа зауыттарына жеткізеді. Қуаты 350 мың тонна жаңа арнайы кокс зауытын салу жоспарланған.

ENRC сатып алудағы қазақстандық үлесті арттыруды жүйелі түрде жалғастырады.

#### **Қосымша ақпарат үшін хабарласыңыз:**

ENRC Қазақстан, Астана қ.,

Корпоративтік коммуникациялар департаменті

т/ф. +7 (7172) 59 21 53

press@kz.enrc.com

### **ENRC PLC туралы**

ENRC пайдалы қазбаларды қазып алу және байыту саласында жетекші әртараптандырушы компаниялар тобы болып табылады, ол кен қазып алу, өңдеу, энергетика, көлік және маркетинг кәсіпорындарымен интеграцияланған.

Топтың өндірістік активтері негізінен Қазақстан Республикасында орналасқан және құрамына келесі кәсіпорындар кіреді: «Қазхром» ТҰК, Жәйрем КБК, Соколов-Сарыбай тау-кен байыту өндірістік бірлестігі (ССКӨБ), «Қазақстан алюминийі», Қазақстан электролиз зауыты (ҚЭЗ), Еуразиялық энергетика корпорациясы (ЕЭК), Шұбаркөл Көмір және ENRC Logistics.

Басқа активтер, ең алдымен Өзге түсті металдар бөлімшесі, негізінен Африкада орналасқан және оның ішінде Boss Mining, SMKK, Camrose Resources Limited (Camrose) компаниясының 50,5 % акциялары, ҚДР-дегі бірнеше өңдеу зауыттары мен Замбиядағы Chambishi Metals PLC компаниясы бар.

ENRC сондай-ақ Серов ферроқорытпа зауытына, Бразилиядағы темір рудасын барлау жөніндегі Bahia Minerals BV және Minercao Minas Bahia SA(MIBA) жобаларына және Оңтүстік Африкадағы платина өндіру бойынша көшбасшы болып табылатын Northam Platinum Limited-тің 14,35% акцияларына иелік етеді.

ENRC FTSE 100 тізіміне кіреді. ENRC-де қазіргі уақытта 70 000-нан астам адам жұмыс істейді, оның 65 000-ы Қазақстанда.